Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19 | СӘУІР СЕЙСЕНБІ | 2016 жыл №57 (19142) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | www.syrboyi.kz

● ҮКІМЕТ

ҚАЗАҚСТАНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТПЕН 4,5 МЛН АДАМ ҚАМТЫЛДЫ

Былтыр елімізде халықтың 26 пайызы немесе 4,5 млн адам дене шынықтырумен және спортпен қамтылды. Кеше Мәжілістегі бұқаралық спортты және дене шынықтыруды дамыту тақырыбында өткен Үкімет сағатында Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы осылай мәлім етті.

– Мемлекет басшысы Н. Назарбаев өзінің Жолдауында бұқаралық спорт кешенді қадамдарды талап ететінін атап өткен еді. Осы міндеттер аясында біздің министрліктің мемлекеттік саясатының бірі бұқаралық дене шынықтыру спортын дамыту болып табылады. Алға жүктелген міндеттер аясында министрлік қабылдаған шаралар нәтижесінде 2015 жылы дене шынықтырумен және спортпен қамтылғандар саны жалпы халықтың 26 пайызын немесе 4,5 млн адамды құрады. Сонымен қатар, былтырғы жылдың қорытындысы бойынша Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтары 33 мыңнан астам бұқаралық спорттық шаралар мен акциялар өткізді. Оның ішінде 18 мыңнан астам шара ауылды жерлерде өткізілді, - деді министр.

Министрдің айтуынша, ведомстволық ең басты стратегиялық мақсаттарының бірі 2020 жылға қарай елімізде отандастарымыздың отыз пайызы дене шынықтыру және спортпен шұғылдануын қамтамасыз ету болып табылады.

● АКТИВ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ СӘТТІЛІК ТІЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен облыстық әкімдіктің актив отырысы өтіп, онда кадр мәселесі қаралды. Отырысты ашқан аймақ басшысы облыс әкімінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі өкімімен Бекпанов Бақытбек Тұрсынбекұлының Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы лауазымына тағайындалғанын хабарлады. Мұнан соң актив отырысына қатысушыларды Б.Бекпановтың өмірбаянымен таныстыр. Бақытбек Тұрсынбекұлының Байқоңыр кешені жағдайымен, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық ахуалымен жақсы таныс, ұйымдастырушылық қабілеті жеткілікті, тәжірибе жинақтаған маман екенін атап өткен облыс басшысы оған жаңа қызметінде сәттілік тіледі.

Ы.ТӘЖІҰЛЫ.

ТАБЫСТЫҢ КІЛТІН ТАПҚАН КӘСІПОРЫН

Әлемдегі дамыған отыз елдің қатарына кіру бағытындағы міндеттер Президенттің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» маңызды құжатында егжей-тегжейлі баяндалған. Оны жүзеге асыру жолындағы талапты ойдағыдай орындап келе жатқан құрылымдар қатарында «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС-ның «СКК-Шиелі» филиалы да бар.

Өнеркәсіп орындарындағы жоспарланған шаруалардың тиісті мерзімінде талапқа сай орындалуына тасымал жұмыстарының сапалы да, мерзімді орындалуының әсері мол екендігі мәлім. Осы орайда біз әңгіме етіп отырған «Сауда-көлік компаниясы» ЖШС «СКК-Шиелі» филиалы нақты кезеңде «Қазатомөнеркәсіп» акционерлік қоғамының үлестес кәсіпорындарына өз қызметін көрсетіп отыр.

«Сауда-көлік компаниясы» ЖШС «СКК-Шиелі» филиалында заманауи құрылғылар және автотракторлық техникалармен жабдықталған қуатты өндірістік база жасақталған. Жұмысшы-қызметкерлер саны төрт жүздің үстінде. Филиал балансында 195 бірлік автотракторлық техника бар, оның ішінде қазіргі заманға сәйкес үлкен жүк көтеретін күкірт қышқылын таситын «Рено» автокөліктері, «Хюндай» және «Дэу» маркалы автобустар, «Хитачи» және «Хайдромек» маркалы жол құрылысы механизмдері бар. Сондай-ақ филиалда «ТЭМ-2» маркалы 2 маневрлік локомотив және «Мерседес-Бенц Унимог» маркалы локомобилі кәсіпорынның кірме жолында маневрлік жұмыстар атқарады.

«Сауда-көлік компаниясы» Шиелі филиалы осы жылдың 1-тоқсанын жоғары өндірістік көрсеткіштермен аяқтады. Оның ішінде, жүк тасымалдау, көлікпен қамтамасыз ету, жүк тиеп-түсіру жұмыстары 100 пайыздың үстінде асыра орындалды. Кәсіпорында жұмысшыларға әлеуметтік жағдайлар жасалып, олардың айлықтары уақытылы беріледі. Орташа жалақысы 113 мың теңге көлемінде. Сондай-ақ, ауданның саяси-мәдени өміріне белсене қатысып отырады.

– Еліміздің дамуына әр отандасымыз өзіндік үлесін қосуы тиіс. Бізде оған барлық жағдай жасалған. Президентіміздің жуырдағы АҚШ сапары кезінде әлем тыныштығын сақтауды, соғыссыз өмірді қалайтын барша бейбіт халықтың көңілінен шыққан «Әлем XXI ғасыр» манифесімен ұжым болып таныстық, насихаттадық. Біздің қол жеткізген жетістіктеріміздің барлығы тыныштықтың арқасы, сондықтан қызметімізді осы құндылыққа арнаймыз, – деді кәсіпорын басшысы Берік Қыдырбаев өз сөзінде.

Иә, ынтымақ бар жерде ырыс та бар, еңбек жетістігі де жоғары дәрежеде жүзеге асады. Оған кәсіпорында сенімді негіз қаланған.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы.

● ЖОБА

ҚАРМАҚШЫДА ҚҰС ФАБРИКАСЫ САЛЫНАДЫ

Тоқмейілсуге болмас, соңғы жылдары инвестиция тарту көрсеткіші бойынша аймақтар арасында көш басында тұрмыз. Көңіл тоғайтатыны, бір апта бұрын Иран Ислам Республикасына ресми сапар барысында Сыр өңірінде жүзеге асатын тағы бірқатар келісімдерге қол жеткізілді. Соның бірі – Қармақшы ауданында ірге көтеретін құс фабрикасының жобасы.

Иран мемлекетіне барған делегация құрамында облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев, Қармақшы ауданының әкімі Сұлтан Мақашов және «Ақтөбе және К» шаруа қожалығының төрағасы Нұрлан Іздібаев болды. Өңірімізде жүзеге асатын осы жобаның мән-жайын білу үшін біз серіктестік басшысымен хабарласқан едік.

– Бұл жобаны жергілікті «Ақтөбе және К» серіктестігі мен ирандық «Туюран Санат Ария» компаниясы бірігіп жүзеге асыратын болады. Сапар аясында ирандықтармен келісім-шарт жасалды. Енді жоба-сметалық құжаттаманы ирандық әріптестеріміз ұсынады. Аталған құжат толық бекітілгеннен кейін фабрика Ақтөбе ауылында салынады. Сәтін салса, құрылыс жұмыстары 3-4 айда бітеді. Жоба жүзеге асқанда 40-қа жуық жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылады, – дейді кәсіпкер.

Жобаның жалпы құны 900 млн теңгені құрайды. Нұрлан Іздібаевтың айтуынша, ет бағытындағы мұндай құс фабрикасының баламасы аймағымызда әзірге жоқ. Бастысы, оған қызығушылық танытқан ирандық кәсіпкерлер жоба құнының 30 пайызын шығарады. Яғни, құс фабрикасына қажетті барлық құрал-жабдықты алу инвестордың міндетінде. Жергілікті кәсіпкер өз қаражаты есебінен жоба құнының 36 пайызын, қаражаттың қалған бөлігін «Байқоңыр» ӘКК» АҚ Ұлттық компаниясы салады екен.

Фабрикада тауықтың бройлер тұқымы өсіріліп, құстың құнарлы еті облыс тұтынушыларына ұсынылады. Осылайша, кәсіп иесі облыс халқы сұранысының үштен бірін жергілікті өніммен өтемекші. Жалпы, Қармақшы ауданында ірге көтеретін кәсіпорынның қуаттылығы жылына 1,5 тонна құс еті өнімі. Ал кәсіпорынға қажетті инфрақұрылым «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында жеткізіліп беріледі деп күтілуде.

Бұған қоса, Н.Іздібаевтың басқаруындағы шаруашылық аталған ауылда биыл 1800 гектар жерге күріш егуді жоспарлап отыр. Айта кетейік, ақтөбелік диқандар биыл тұңғыш рет ирандық «Торам» атты күріш сортын егуді қолға алыпты. Кәсіпкер өнімді Иран республикасына экспорттамақ. Мұнан басқа, іскер жігіт өз ауылына оңтүстік кореялық күріш зауытын қоймақшы.

Жуырда облыстық өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Ғ.Әміреев осы ресми сапардың түпкі мақсатын тарқатып айтқаны есте. Әсіресе, қос ел арасындағы ынтымақтастықты арттыру негізінде инвестициялар тарту, соның ішінде ауылшаруашылық саласын дамыту жөніндегі іс-шараларға

кеңінен тоқталған облыс әкімінің орынбасары: «Облыс әкімінің алға қойған тапсырмаларының бірі – өңірімізде таукен өндірісін дамыту, туризм, өңдеу өнеркәсібі және «жасыл» экономика мен ауыл шаруашылығы салаларына инвестиция тарту екендігі мәлім. Кешегі ресми сапар аясында Қазақстанның саяси тұрақтылығы мен инвестициялық тартымдылығын дамыту мақсатында қазақ-иран бизнес өкілдерінің қатысуымен іскерлік кеңес өткізілді. Оның жұмысына Қазақстан мен Ираннан 200-ден астам компания қатысты. Жалпы, осы сапар аясында металлургия, тау-кен, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм, ғылым және білім, медицина салаларында жалпы құны 2 миллиард доллар болатын екіжақты құжатқа қол қойылды», – деген еді.

Аталған іскерлік кеңесте мал шаруашылығын дамыту жөнінде мәселелер де талқыланған. Нәтижесінде ирандық «Агро Ай Групп» компаниясы Жаңақорған ауданында 15 мың гектар жайылымдық жерге 30 мың бас қой, 10 мың бас ірі қара мал өсіріп, мал шаруашылығы кешенін салуды жоспарлап отыр. Бұған қоса, Иран Ислам Республикасының кәсіпкерлері Сыр өңірінде күріш, майлы дақылдар және интенсивті алма ағашын егуге қызығушылық танытқан. Демек, алдағы уақытта ирандық инвесторлардың қатысуымен өңірдің ауыл шаруашылығы саласында кәсіпорындар көптеп бой көтеретін болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, аймаққа инвестиция тарту бағытындағы жұмыстардың нәтижесі жоғары. Мәселен, өңірімізде соңғы технология бойынша жұмыс істейтін шыны зауыты құрылысы басталды. Ферроқорытпа және цемент зауыттарының да бой көтеретін кезі алыс емес. Ирандық инвесторлар шыны өндірісіне қажетті шикізаттың бірі – калцийлендірілген сода шығаратын жобаға да қызығушылық танытып отыр. Инвестициялардың көлемі бойынша ең ірі келісімдердің бірі осы. Бұл «Бәйтерек» холдингінің еншілес құрылымы «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ мен ирандық «Каве Индастри Групп» компаниясы арасындағы келісім. Облысымызда кальцийлендірілген сода өндіретін зауыттың құны 200 млн долларға жуық. Бұл қазақстандық-ирандық жоба қаламыздағы шыны зауытын салу жобасының жалғасы болады деп күтілуде.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

● ҚАУІПСІЗДІК

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫ СӘТТІ ӨТТІ

Осы жылдың наурыз айында елорда әуежайына «Қызылорда-Астана» бағытындағы жолаушылар ұшағының апатты жағдайда қонуына орай еліміздің барлық аймақтарында оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілуде. Сенбі күні әуежай қызметкерлері, № 5547 әскери бөлім мамандары, «Оңтүстік өңірлік аэромобильдік жедел құтқару жасағы» мемлекеттік мекемесі мен апаттық медицина өкілдері қатысқан осындай жаттығу Қызылорда әуежайында да ұйымдастырылды.

Екі жүзге тарта адам мен 38 техника тартылған оқу-жаттығу жұмысын облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов бақылады. Бірлескен оқу-жаттығу сценарийі бойынша «Алматы-Ақтау» бағытындағы «ЯК-40» жолаушылар ұшағынан апат орын алғандығы хабарланды. Бортында 15 жолаушы және 5 экипаж мүшесі бар ұшақты Қызылорда әуежайына қауіпсіз қондырудың бар амалы жасалды. Оқиға орнына өрт сөндірушілер мен «Жедел жәрдем» көліктері санаулы минуттарда келді. Қону алаңына арнайы көбік шашылып, арнайы техника жеткізілді. Арнайы құрылған өрт сөндіру штабының мүшелері апатты жағдайда қонған ұшақтың жанармай бағын салқындатуды қолға алды. Медицина қызметкерлері ұшақ жолаушыларын тексеруден өткізді.

Бірлескен оқу-жаттығу тиісті қызмет түрлерінің оқыс жағдайға дайындығы жоғары екендігін көрсетті.

Жұмағүл ОРАЛБАЕВА.

● АКЦИЯ

ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР 20 МЫҢ ТҮП АҒАШ ОТЫРҒЫЗДЫ

Аудан әкімінің өкімімен жарияланған көктемгі тазалық айлығының аясында Қазалыда ағаш отырғызу акциясы өтті. Қоршаған ортаны көгалдандыруды басты мақсат тұтқан шара тұрғындар тарапынан үлкен қолдау тапты. Әсіресе білім ордаларының ұстаздары, балабақша қызметкерлері, студент жастар, теміржол саласының мамандары, дербес бөлім қызметкерлері, дәрігерлер, мемлекеттік қызметкерлер мен ардагерлер белсенділік танытты.

Акцияға қатысушылар көше бойларына, «Жалаңтөс батыр» және «Жеңіс» саябағына түрлі ағаш көшеттері отырғызылды.

Бұл күні аудан көлеміндегі қала, кент, ауылдық округтерде барлығы 20 мың түп тал егілгенін атап өткен жөн.

Кенттегі «Алпамыс» балабақшасында тал егу акциясында ата-аналарының көмегімен бүлдіршіндер «Менің атаулы ағашым» тақырыбында өз көшеттерін отырғызды.

«Бізді тәрбиеші апайларымыз табиғатты қорғап, талдарды сындырмауға, құстарды аялауға үйретеді. Біз де өзіміздің ағашымызды отырғыздық. Енді оны баптап, күтетін боламыз. Көшетіміздің жайқалып өскенін қалаймыз, – дейді балабақша тәрбиеленушісі Әлихан.

Тазалық сақтау, көгалдандыру шараларына Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ұжымы асқан жауапкершілікпен қарайды. Қашанда қарбаласқа толы жұмыс күнінің өзінде олар ауланың, көшенің тазалығын басты назарда ұстайды. Басқарманың ғимаратына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жасыл желекке көмкерілген кейпі жан жадыратады. Осындай ұқыптылықтың арқасында бұл нысан аудандағы ең келбетті ғимараттардың біріне айналды.

Ғалымбек Баймаханов басшылық жасайтын аудандық емхана қызметкерлері де ерекше көзге түсті. «Таза ауа жұтқаның, талай ғұмыр ұтқаның» қағидасын ту еткен ақ желеңділер тал көшеттерін, қаламшалар егіп, туған өлкесінің көркеюіне өз үлестерін қосты. Сондай-ақ, Қазалы қаласындағы әйелдер кеңесінің мүшелері де ағаш отырғызу акциясына құлшына кірісті. Түрлі салада қызмет жасайтын нәзікжандылар қала аумағын абаттандыруға атсалысып, ағаш көшеттерін отырғызды.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ЖҰРТТЫ ЖҰМЫЛДЫРҒАН БАСТАМА

16 сәуір – «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні». Осыған орай, облысымыздың барлық мекемелері сенбілікке шығып, жаппай «Ұлттық ағаш отырғызу» акциясы өтті.

Ондағы басты мақсат – қала желегін қалпына келтіріп, көгалдандыру жұмыстарына көңіл бөлу, жандандыру. Шараға мемлекеттік қызметшілермен қатар, кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері, еріктілер, БАҚ өкілдері қатысты. Барлық қатысушылар ағаш егу нұсқауларымен таныстырылып, құрал-саймандармен қаматамасыз етілді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл акция бір күнмен шектеліп қалмайды.

Бас шаһарда да аталған акция қарқынды жүргізілді. Атап айтсақ, орман шаруашылығының ұйытқы болуымен әуежай маңына көшеттер отырғызылды. «Бір тал кессең, он тал ек» демекші, биыл 35 мың Сыр талын егу көзделіп, осы іске 40 мың адам жұмылдырылған.

Барлыбек БАТЫР.

● АНЫҚ-ҚАНЫҚ

АҚСУАТТА ЖЕР БЕРІЛІП ЖАТҚАН ЖОҚ

Өткен аптада «Ақсуат ауылдық округінен тегін он сотық жер беріліп жатыр екен» деген жалған ақпар «Вконтакте», «WhatsApp Messenger» әлеуметтік желілерінде желдей есіп, оған сенгендер аудандардан автобус жалдап, Қызылорда қаласына қарай ағылған. Өңірлік коммуникация қызметінде өткен брифингте қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Әділбек Ерсұлтанов бұл хабардың шындыққа мүлде жанаспайтынын айтты.

Ақсуат ауылдық округінің әкімі Ақарыс Нұрсейітовтің айтуынша, жер алуға өтініш білдірген азаматтардың саны бұрын 2000-ға жетер-жетпес болса, негізсіз әңгімеден кейін 5000-ға бірақ жеткен.

Қалалық жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ғалымжан Еркебай «инфрақұрылымы сайланбай, кезекке қарамай жер берілмейді» деді.

Қызылорда қаласы аумағынан 50 гектар жер бау-бақша дақылдарын егу үшін дайындалған еді. Жер ешкімнің атына аударылмаған, тұрғын үй салуға лайықталмаған. Қауесет әңгіменің тарауына осы себеп болған сыңайлы. Халықты дүрліктірген дақпыртты кімдер таратқанын қалалық ішкі істер басқармасы тексеруде, іс қала прокурорының жіті бақылауында. Жалған ақпарды таратқан адам 2 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

– Мұндай жағдайда жұртшылықты «жер алып беремін» дейтін алаяқтарға алданып қалмауға шақырамын, - деді қала прокурорының орынбасары Елжан Әжібеков.

БАЛЫҚ АУЛАУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Өткен жылы 20 қарашада облыс әкімінің төрағалығымен өткен жиында, облыстағы балық шаруашылығын дамыту мәселелері туралы талқыланып, тиісті мекемелерге тапсырмалар берілген болатын. Соған сәйкес кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, облыс бойынша балық ресурстары мен басқа да су жануарларының уылдырық шашу және көбеюі кезеңдеріне қолайлы жағдай жасау қолға алынуда. Яғни, Арал теңізіне құяр сағадан Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілік шекарасына дейінгі Сырдария өзенінде 1 сәуір мен 31 мамыр аралығында, облыс аумағындағы су айдындары мен көлдерде 20 сәуірден 11 маусымға дейін балық аулауға тыйым салынады. Бүгінгі таңда уылдырық шашатын орындарда жылжымалы және тұрақты бекеттер орнатылып, тәулік бойы қажетті кезекшілер мен рейдтер ұйымдастыру шаралары басталып кетті.

Балық аулауды біреу кәсіп етеді, біреу табиғат аясындағы сүйікті іс санайды. Әрине, өзен жағалағанның өзегі талмас, дегенмен, балық аулаудың да өз тәртібі бар. Жоғарыда көрсетілген мезгілде балық аулауға әрекеттенген азаматтар ҚР "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" заңнамасымен жазалануы немесе қылмыстық жазаға тартылуы әбден мүмкін. Балық аулау қағидаларын бұзғаны үшін айыппұл тағайындалады және әкімшілік құқық бұзушылық заттары және құралдары тәркіленеді.

Ибайдулла МАКЕНОВ,
Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің балық маманы.

● БАҒЫТ

ӘРТАРАПТАНДЫРУ – БАСТЫ БАҒЫТ

Елбасымыз алдымызға міндет етіп қойған «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының үшінші бағытында индустрияландыру және экономикалық өсімге үлкен мән берілген. Осы ретте, Сыр өңірі халқының негізгі күнкөрісі ауыл шаруашылығы саласы болғандықтан, дамудың негізгі құрамдас бөлігі – агроөнеркәсіп кешенін қолға алу қажет. Әлемдік нарықта бәсекелестікті қалыптастырудың бір жолы – экономиканы, соның ішінде ауыл шаруашылығын әртараптандыру. Бұл бағытта «Жан-Арай Жем» серіктестігі мемлекеттік қолдауды пайдалана отырып, кешенді жұмыстар атқарып жатыр. Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығы аясында, былтыр мамыр айында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, Қызылорда қаласында тәулігіне 80 тонна құрама жем өндіретін және 150 тонна күріш салысын өңдейтін күріш ақтау зауыттарын іске қостық. Оған 6 миллиард теңге қаржы салынды.

Айта кетейік, мұндай агрокешен бұрын-соңды біздің облыста болмаған. Сондықтан, оны елімізде баламасы жоқ бірегей өндіріс деуге негіз бар.

Құрама жем өндірісі әлемдегі алдыңғы қатарлы германиялық «Петкус» компаниясының технологиясымен жабдықталды. Зауыт тәулігіне – 80, айына 2400 тонна жем өндіруге қауқарлы. Кәсіпорын өңірдің мал шаруашылығын қазақстандық 5 стандарт бойынша мал азығы жиынтығымен қамтамасыз ете алады. Осы уақытқа дейін құрама жемнің түрлері сырттан әкелінді. Алайда, ондай өнімнің бағасы қымбат болғандықтан жем ретінде (75 пайызға дейін) құнары аз шөп пайдалануға мәжбүр едік. Ал енді өзімізде, яғни біздің зауытта өндірілген жемнің бағасы арзан болғандықтан бұл мәселе шешілді, мал шаруашылығындағы өнімділікті арттыруға мүмкіндік туды. Аймақ шаруаларының жылына 60 мың тонна мал азығын тұтынатынын ескерсек, зауыт сол сұранысты қанағаттандыра алады. Бұған қоса, зауыт өндірілген өнімнің 40 пайызын көрші Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақтөбе облыстарына шығарып жатыр.

Сонымен қатар, агрокешен аумағында оңтүстіккореялық құрылғымен жабдықталған күріш өңдеу зауыты да қызу жұмыс істеуде. Ол тәулігіне 150 тонна күріш шығарады. Жем зауытында 60 жұмыс орны ашылса, күріш өңдеу зауытында 50 адам жұмысқа тартылды. Күріштің «Маржан», «Янтарь», «Лидер», «Диамонд» атты сұрыптарын өндейміз. Осы өнімдерді Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Түркіменстан нарығына шығарып жатырмыз.

Жақын арада ұн тарту комбинаты, макарон және консервілер шығаратын цехтарды да іске қосуды көздеп отырмыз. Сонымен қатар, облысты құс етімен қамтамасыз ету мақсатында қаз фермасын қолға алдық.

Елбасының тапсырмалары, мемлекеттік бағдарламалар ауыл шаруашылығы саласын әртараптандыруға, агроөнеркәсіп кешенін дамытуға, өңірдің экспорттық әлеуетін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

Бақдәулет МАХАШОВ,
«Жан-Арай» ЖШС агроөнеркәсіп кешенінің бас директоры, облыстық мәслихат депутаты.

100 нақты қадам

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІ ЗОР

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде «Қоғамдық кеңестер туралы» Заң қолданысқа еніп, бүгінгі күні одан туындайтын шаралар жүзеге асырылуда.

Қоғамдық кеңес – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына орай «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңға сәйкес ерекше мәртебе мен өкілеттілікке ие болған жаңа жүйе.

Осыған сәйкес, Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс шақырылған 10 ақпандағы 44-сессиясында №355 шешіммен Қызылорда облысының Қоғамдық кеңесінің құрамы және №356 шешіммен ережесі бекітілді.

Қазіргі уақытта облыстық Қоғамдық кеңес 33 адамнан тұрады. Олардың барлығы да облыс көлемінде тұрғындар арасында беделді және әрбір салада өз еңбегімен танылған азаматтар. Құрамында 6 мемлекеттік қызметші, ардагерлер, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер өкілдері, мәслихаттар депутаттары, «Нұр Отан» партиясының, «Ақ жол» партиясының және «Ауыл» халықтық демократиялық патриоттық партиясының мүшелері, Қызылорда қаласы мен аудандардан өкілдері бар.

Қоғамдық кеңес өзінің алғашқы отырысында облыс әкімінің есебін тыңдап, өз бағасын берді.

Жалпы, Қоғамдық кеңестерге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айқындаған өкілеттілікке сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын, атқарушы органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуы туралы есептерін талқылау, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу, қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу жүктелген.

Жаңа заңға сәйкес әкімдіктер мен министрліктер өңірдегі және сол саладағы ахуалға жауапты бола отырып, барлық маңызды мәселелер бойынша азаматтық қоғаммен кеңесіп отырады. Яғни, мемлекеттік шешімдерді қабылдауда ашықтық пайда болады.

Қоғамдық кеңес бірнеше комиссиялардан тұруы мүмкін. Осыған сәйкес облыстық Қоғамдық кеңесінде 5 комиссия құрылды. Ол комиссиялар өз бағыттарына сәйкес мемлекеттік органдардың қаулыларына сараптамалық қорытындылар жасауда. Сонымен бірге, салалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Ол өз кезегінде мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің тиімділігін, ашықтығын және айқындығын арттырып, қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды жүзеге асыруға, әлеуметтік шиеленістердің алдын алуға үлес қосады.

Бұл – өңірді өркендетуде Қоғамдық кеңестердің ролі арта түседі деген сөз. Қоғамдық кеңестің ұсыныстары мен қарары мемлекеттік органдарға азаматтық қоғамның пікірлерін ескере отырып шешім қабылдауға септігін тигізеді.

Қоғамдық кеңес бюджеттен қаржыланды рылмайды. Заңға сәйкес Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыруды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Қазіргі уақытта, облыстық мәслихатқа Қоғамдық кеңестің жұмысын жүргізуге екі азаматтық штат беріліп отыр.

Қоғамдық кеңестің комиссиялары өз отырыстарында жоспарға сәйкес алдағы уақытта облыс бюджетінің 6 айда атқарылуы, салық салу базасын ұлғайту бағытындағы шаралар және басқа да мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуын талқылайтын болады.

Осылайша, облыстық Қоғамдық кеңес халық пен биліктің арасындағы алтын көпір болуға әзір.

Самұрат ИМАНДОСОВ,
облыстық қоғамдық кеңес төрағасы.

ТАҒАЙЫНДАУ

Облыс әкімінің 2016 жылғы 18 сәуірдегі өкімімен **Бекпанов Бақытбек Тұрсынбекұлы** Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Бақытбек Тұрсынбекұлы 1980 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген.

2001 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетін – мемлекеттік және муниципалдық басқару және 2003 жылы Қазақ академиялық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Қармақшы аудандық қаржы бөлімінің жетекші маманы болып бастаған. 2002-2005 жылдары – Қармақшы аудандық қаржы бөлімінде бөлімше бастығы, 2005-2008 жылдары – Қармақшы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі бастығының орынбасары, 2008-2010 жылдары – Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы, 2010-2013 жылдары Қармақшы аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бастығы қызметтерін атқарған.

2013 жылдан осы кезге дейін Қармақшы аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

● ПАРЫЗ

ШЕКАРАНЫ ҚОРҒАУ – АРЫҢДЫ ҚОРҒАУ

Бүгінгі таңда мемлекетіміздің оңтүстік өңір аумағында шекара бұзу оқиғалары жиілемесе, толастаған емес. Рұқсат етілмеген жерлер арқылы контрабандалық жолмен жүк тасымалдайтындар экономикаға залал тигізіп қана қоймай, ел тыныштығына қауіп төндіріп отыр.

Көбіне-көп шекара бойында орналасқан аудан тұрғындары көршілес елдегі туысқандарымен араласу үшін шекараны бұзып жатады. Бұл әрекеттері үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 392-бабы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз әдейі кесуі» негізінде қылмысқа тартылады. Бұл заңды аттап өтетіндер, әдетте, контрабандалық әрекеттерді іске асыратындар, қылмыстық жауапкершіліктен қашқандар немесе төлқұжаттары дұрыс болмай, заңсыз шекара асуды ойлағандар. Олардың арасында қоғамға қауіп төндіретін жағдайлар да кездесуі мүмкін. Мысалы, қазіргі таңдағы әлемде болып жатқан түрлі саяси қақтығыстар, таяу шығыс елдеріндегі діни экстремизм топтарының тартыстары және террорлық әрекеттері шекара аттап өткендердің қолымен жасалып жатқандығына ешкім шүбә келтіре алмайды. Сондықтан да, еліміздің әрбір тұрғыны шекараның қауіпсіздігі үшін талап пен тәртіпке бой ұсынғаны, оны қорғауды қаперге алып жүргендері абзал. Өкінішке орай, кейбір тұрғындарымыз бұл тұрғыда осалдық танытуда. Бұған дәлел ретінде ағымдағы жылдың ақпан айында ҚР ҰҚК шекара қызметінің 2019 әскери бөлімінің Қазалы ауданына қарасты елді мекендерінде өткізген шарасын айтуға болады. Яғни, жалған шекара бұзушы кейпіне енген азамат жергілікті тұрғындардың мемлекеттік шекара сақтығына, ұлттық қауіпсіздікке деген қырағылық деңгейлерін анықтауға тырысқан болатын. Өкініштісі, оны жергілікті тұрғындар тиісті орындарға хабарламақ түгілі, шекара шебіне оңай жетудің, одан әрі басқа мемлекетке асып кету жолдарын тәптіштеп түсіндіріп берді. Олардың қатарында жергілікті таксистер де бар. Сұхбат кезінде шекара жайын сұраушы өзін діни экстремистік топтардың мүшесі ретінде байқатқан. Соның өзінде көлік жүргізушілері еш әрекетке бармаған. Сөйтіп, жүргізілген 2 сағаттық зерттеу кезінде ешкімнің күдігіне ілінбей, сапарын аяқтады. Айтып өткеніміздей, тілдескен таксистердің біреуі қырағылық танытып, құзырлы органдарға немесе кандай да бір әкімшілік орындарына хабар бермейді. Тәртіп бойынша, күдікті азамат туралы мәліметті, тілдескен жергілікті таксистер шұғыл түрде шекара қызметіне немесе қандай да бір құзырлы органдарға хабарлауы тиіс болатын.

Егер, әлгінің орнында нақты қылмыскер, террорист, халықаралық іздеуде жүргендер болса ше? Онда олар еш кедергісіз өз мақсаттарына жергілікті таксистердің көмегімен жете бере ме?

Осындай мысалға сырт елдерден келетін заңсыз мигранттарды келтіруге болады. Олар көпшілікке беймәлім, өздерінің құрылыс жұмыстарын істеп жүре береді, еш күдік келтірмейді. Алайда, тереңірек қарасақ, осылардың кейпін келтіріп, кез келген ресми емес діни ағымдардың өкілдері, террорлық, экстремистік топтар мүшелерінің жасырынуы әбден мүмкін. Қорыта айтқанда, шекарамыздың сақтығын, ұлтымыздың қауіпсіздігін қорғауға Қазақстан Республикасының әр азаматы атсалысуға тиіс.

Қаршыға МЕРГЕНБАЕВ,
2019 әскери бөлім офицері.
Қызылорда қаласы.

● БРИФИНГ

САЛАНЫ ДАМЫТУДЫҢ СЕНІМДІ ҚАДАМЫ

Өңірлік коммуникациялар орталығында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ержан Әбдіқалықов пен «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның басқарма төрағасы Мұхитжан Кәрімбаев БАҚ өкілдерімен брифинг өткізді. Жиында Ержан Қыпшақбайұлы «Ұлт жоспарының» энергетика саласын дамытуға бағытталған қадамдарына тоқталды.

«Электр энергетикасын қайта құру» Бірыңғай сатып алу моделін енгізу» жайы 50-ші қадамда айқын көрініс тапқан. Бүгінде инфрақұрылымның барынша тозуынан тарифтің ашық емес жүйесі қалыптасып отыр. Аталған мәселелерді шешу үшін «Бірыңғай сатып алушы» үлгісін енгізу қажет. Нәтижесінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы сатып алатын болады. Электр энергиясын сатып алудың орталықтандырылуы аймақтар арасындағы тарифтік айырмашылықты түзетуге, сондай-ақ тарифтің өсуін қадағалауға мүмкіндік береді. Аталған үлгі республикамыздың барлық аймақтарында бәсекелестікті қамтамасыз етеді. Нәтижесінде бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын жеткізуге келісім-шарт алуға өндірушілер арасында бәсекелестік туындайды.

Ал 51-ші қадамда көрсетілген «Өңірлік энергетикалық компанияларды ірілендіруді» жүзеге асыру үшін облысымыздың электр желілеріне толық түгендеу жұмыстарын жүргізу, анықталған иесіз электр нысандарына техникалық құжаттар әзірлеп, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның теңгеріміне өткізу жұмыстары жүргізілуде. Басқарма басшысының айтуынша, аймағымызда мұнай-газ және уран өндірісі саласындағы басқа да 11 мекеменің энергетикалық активтері анықталып, осы активтерді Қызылорда электр тарату тораптары компаниясына біріктіру жөнінде ҚР Ұлттық экономика және Энергетика министрлігіне ұсыныс жолданды. Сондай-ақ, ол аталған энергия таратушы кәсіпорындарды біріктіру өз кезегінде тұтынушыларды сапалы әрі арзан электр энергиясымен қамтамасыз етуге жол ашатынын атап өтті. Қазіргі таңда ҚРЭМ тарапынан энергия тиімділік картасына енгізілген жобаларды жүзеге асыру үшін отандық және шетелдік энергосервистік компаниялармен келіссөздер жүргізілуде. Жақын арада энергосервистік компаниялардың қалыптасқан тізімі де жарияланатын болады.

Аймағымызда Ұлт жоспары тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында облысымыздың өңірлік энергетикалық кешенін дамытудың тұжырымдамасы әзірленуде. Тұжырымдаманың негізгі мақсаты аймағымызды сенімді және сапалы энергиямен қамтамасыз ету және бәсекеге қабілетті энергия өндіруші ірі кәсіпорындар қалыптастыру болып табылады.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.

● ӘЛЕМДІК МҰНАЙ РЫНОГЫ

ДОХА КЕЗДЕСУІ ҮМІТТІ АҚТАМАДЫ

Бұдан бұрын газетімізде хабарланғандай, үстіміздегі жылғы 17 сәуірде Катардың астанасы Доха қаласында әлемнің мұнай өндіруші бірқатар мемлекеттердің Энергетика министрлері бас қосып, онда әлемдік "қара алтын" рыногында қалыптасқан ахуалды талқылайтын болған еді. Кездесу жоспарланған мерзімде өтті. Оған әлемнің мұнай экспортында елеулі үлесі бар деген 17 мемлекеттің министрлері қатысты. Бірақ, олар кездесудің күн тәртібіндегі негізгі мәселе бойынша мәмілеге келе алмады.

Кездесуден кейін журналистерге берген сұхбатында Ресейдің Энергетика министрі Александр Новак бұл басқосудың алдында қабылданатын ықтимал шешімдерге қатысты оптимисті көзқарас болғанымен, ақыр соңында министрлер мұнайдың өндіру көлемін 2016 жылдың қаңтар айындағы деңгейде сақтап қалу жөнінде ортақ мәмілеге келе алмағанын мәлімдеді. Бұдан шығатын қорытынды, алдағы уақытта мұнай бағасы көтерілмейтін сыңайлы. Бірақ, кездесуге қатысқан министрлердің бәрі көптеген түйінді мәселелерді шешу үшін Доха кездесуі тым асығыс ұйымдастырылғанын, осыған орай алдағы маусым айында дәл осы тақырыпқа байланысты қайта кездесу Нигерияда өтетінін атап көрсетті. Ақпарат агенттіктерінің хабарларынан мәлім болып отырғанындай, әзірге мұнай өндіруші ірі елдердің арасында өзара келіспеушілік орын алуда. Мысалы, Иран кездесуге қатысқан жоқ. Ол Батыс елдері санкциясынан енді арылғанын тілге тиек етіп, өздерінің мұнай көлемін төмендетуге мүдделі еместігін айқын сездірген болатын.

"Рейтер" агенттігінің хабарлағанындай, Дохадағы мәмілеге келе алмаушылық ОПЕК-ті (мұнай экспорттаушы елдер) әбден тығырыққа тіреп отыр. Себебі, көптеген елдерде қазір мұнай өзінің өзіндік құнынан төмен бағаға сатылуда. Сонымен бірге бюджеті мұнайға таңылған бірқатар елдерде қаржылық дағдарыс орын алуда.

Кездесуден кейін іле-шала Лондондағы сауда биржасында мұнайдың "Бренд" маркасының бағасы барреліне 42 доллардан 40 долларға төмендеді.

Ж.ӘЛМАХАН.

ТУАБІТТІ ЖҮРЕК АҚАУЫ БАР АНАҒА ОТА ЖАСАЛДЫ

Науқас Үйтолған Бейсенғалиева туабітті жүрек ақауына шалдыққан екен. Яғни, жүрегінде тесік болған. Әдетте медицинада мұндай науқастарды 5-6 айлық кезден бес жасқа дейінгі аралықта хирургиялық жолмен емдейді. Ал осындай сырқатына қарамастан, Үйтолған әжей 10 баланы дүниеге әкелген. Батыр ананың ауруға дес бермей, аяқ басып жүргенін кардиолог мамандар таңғаларлық жағдайға балайды.

Алайда бір шөбере сүйген 70 жастағы кейуананың кейінгі кезде ентігуі жиілеп, мазасы қашыпты. Тіпті жүріп-тұруы қиындаған ол дәрігерлер көмегіне жүгінген екен. Облыстық медицина орталығы кардиология бөлімшесінің меңгерушісі Берік Дәуітбаев науқастың жағдайының жақсы екенін, үйіне шығарылғанын айтты.

Барлыбек БАТЫР.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 425 қаулысы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 15.04.2016 жылы № 5467 тіркелген

«Қызылорда облысы ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы №232 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысы ветеринариялық бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 қарашадағы №232 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5243 нөмірімен тіркелген, облыстық «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 5 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

16-тармақтың 27) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«27) профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесін әзірлеу және Қызылорда облысының әкімдігіне бекітуге ұсыну;»;

17-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожанизовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысы әкімінің міндетін атқарушы Қ.Ысқақов.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ» ОТЫРЫСЫ

Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасы мен Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментімен бірлескен «дөңгелек үстел» отырысы өтті. Оған мемлекеттік мекемелер өкілдері және мемлекеттік рәміздерді сатумен айналысатын кәсіпорын қызметкерлері мен кәсіпкерлер қатысты. Шара ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» Ұлттық стандартын талқылауға бағытталды.

«Дөңгелек үстел» барысында ҚР СТ 989-2014 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» Ұлттық стандартына енгізілген негізгі өзгешеліктер мен толықтырулар, ҚР Мемлекеттік Елтаңбасын жаңартудың туындау себебі, ҚР СТ 989-2014 Ұлттық стандарты мен ҚР СТ 989-2008 стандарты бойынша Мемлекеттік Елтаңбаның негізгі сыртқы пішіндік айырмашылықтары, Мемлекеттік Елтаңбаның түр-түстік сипаттарының орындалуына қойылатын талаптар, Мемлекеттік Елтаңбаның сипаттамалары бойынша департамент мамандары түсіндірме жұмыстарын жасады.

Сондай-ақ қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарға тиісті жауаптарын алды.

С.ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 29 АҚПАНДАҒЫ № 361 ҚАУЛЫСЫ
НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУ ТІЗІЛІМІНДЕ 08.04.2016 ЖЫЛЫ № 5455 ТІРКЕЛГЕН

«Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №166 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.«Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі №166 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5174 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 13 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығынан кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулыны орындауды бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ғ.М.Әмірғалиев жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Кошербаев.**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы «29» ақпандағы № 361 қаулысына қосымша
Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «18» қыркүйектегі №166 қаулысымен бекітілген

«Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығынан кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі –көрсетілетін қызметкер берушіні).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін беру:

1)көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, оның бөлімдері мен бөлімшелері (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады;

3) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elicense.kzхеб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету нысаны-қағаз түрінде және (немесе) электрондық (ішінара автоматтандырылған).

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – «Көмірсутек шикізатын, сондай-ақ көмір мен уранды қопсыратқа, жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарт-тарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №521 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11606 болып тіркелген) бекітілген «Кен таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығынан кепіл шартын тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жер қойнауын пайдалану құқығынан кепіл шартын тіркеу туралы куәлік (бұдан әрі –куәлік).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны-қағаз түрінде және (немесе) электрондық.

Қағаз жеткізгішті ұқсат алуға өтініш берілген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының жүйеге кіруімен расталады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық ұқсат нысанында «жеке кабинетке» жіберіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимылы тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметтің алушының өтінішінде өңдеу үшін, оның ішінде (бұдан әрі – оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушінің корпорацияға Мемлекеттік корпорацияның Қазақстан Республикасы Әділеттік министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №312 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11342 болып тіркелген) «Орталған мәртебесін беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартынан (бұдан әрі – стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішін ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсетуге рәсімдерін құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушын ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандартқа 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды, яғни көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минутқа дейінгі);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минутқа дейінгі);

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, оралман мәртебесін беру туралы шешім (бұдан әрі – шешім) мен куәлікті дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (тоғыз жұмыс күні ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешім мен куәлікке қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе мәселелеріне жолдайды (отыз минутқа дейінгі);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері куәлікті тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді (отыз минутқа дейінгі).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимылы) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшесі берілуі тартібі көрсетілсе отырып) сипаттамасы осы регламентінің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті меншіктенушілердің өзара іс-қимыл тартібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы;

4) Мемлекеттік корпорация қызметкері;

5) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) рәсімдеріне, өзара іс-қимылдары реттілігінің толық сипаттамасы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде Мемлекеттік корпорация өзара іс-қимыл тартібінің сипаттамасы осы регламентінің 4-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – көрсетілетін қызметкер) берілуі.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілердің өзара іс-қимылы тартібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тартібінің сипаттамасы, көрсетілетін қызметті алушының өтінішін өңдеу ұзақтығы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін Мемлекеттік корпорация арқылы алу процесінің сипаттамасы, оның ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға стандартқа 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады;

стандартқа 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

бөлігінделген тартпішін қол қойылған жер қойнауын пайдалану құқығынан кепіл туралы шарт (түпнұсқа үш данада);

көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат (сенімхат);

жеке басты куәландыратын құжат (көрсетілетін қызметті алушының сәйкестендіру үшін);

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды тіркейді және тұтынушылардың тұтынушылық қайта шығарылған құжаттардың электрондық көшірмелерінің сапалығын тексереді, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, Мемлекеттік корпорация қызметкері заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпараттың жүйелерінде ақпараттық-ақпараттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының не оның өкілінің жазбаша келісімін алады және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат береді (он бес минутқа дейінгі);

3) Мемлекеттік корпорацияның жинақтау бөлімінің қызметкері құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (бір жұмыс күні ішінде, мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттары тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (он бес минутқа дейінгі);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минутқа дейінгі);

6) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды қарайды, қуаныпті дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минутқа дейінгі);

7) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы куәлікке қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минутқа дейінгі);

8) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері куәлікті тіркейді және Мемлекеттік корпорацияға жолдайды (отыз минутқа дейінгі).

